# ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ

ОҚЫТУ   МЕН ОҚУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

БЕЛСЕНДІ ОҚУ

Студенттердің икемді дағдыларын қалай дамытуға болады?

Қалай тиімді оқытуға болады?

Тиімді оқу мен оқытудың қандай стратегиялары бар?



# ТИІМДІ ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘСІЛДЕРІ



B



A



C



D

# ТИІМДІ ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘСІЛДЕРІ



E



F



G



H

# 1. БЕЛСЕНДІ ОҚУ

ӨЗ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ҮЙРЕНУ:

- **Студенттерге** эксперимент жасау арқылы мәнін ұғынып, білім қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады;
- жіберген қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашады;
- нәтижесі – терең білім;
- оқуға деген көзқарасты өзгертеді.

~~көзқарасты өзгертеді~~

F суреті



2. БІРЛЕСКЕН ОҚУ

ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС:

- түлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді;
- ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жетілдіреді;
- тиімді қарым-қатынасты дамытады – «біз бірлесіп табысқа жетеміз»;
- оқушылар арасындағы түсініспестіктерді жояды

В суреті



# 3. САРАЛАУ

Н сурет

ӘР БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУДАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ:

- білім-дағдыларды дамытады;
- білім алушылардың ынтасын арттырады;
- білім алушыларға идеяларды тереңірек түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққаынталандырады;
- барлық білім алушыға мүмкіндік береді;
- барлық білім алушыдан күтілетін нәтижені арттыра алады.



# 4. ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

ПӘНДЕРДІҢ АРАСЫНДА БАЙЛАНЫС ОРНАТУ:

- білім беру бағдарламасының мазмұнын кеңейтеді;
- тереңірек білім алуға мүмкіндік береді;
- көптеген дағдыларды қалыптастырады;
- білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі;
- оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі;
- оқуға деген ынтаны арттырады

С
суреті



## 5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ/КЕРІ БАЙЛАНЫС

А суреті



Оқуды бақылау және оқу процесі туралы ақпарат беру мақсатында кері байланыс ұсыну:

- студенттердің ынтасын және өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады;
- оқыту процесінің бағытын анықтайды;
- Білім алушылардың оқуын жақсартуына мүмкіндік береді;
- Білім алушыларға барынша тиімді оқуға

# 6. **ДИАЛОГТІК ОҚУ**

D суреті



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ӨЗАРАТАЛҚЫЛАУЫ:

- Білім алушылардың оқу үдерісіне өз үлесін қосуына мүмкіндік береді;
- Білім алушылардың бір-біріне білім мен дағдыларды үйретуіне мүмкіндік береді;
- тақырыпты терең түсінуіне жол ашады;
- Білім алушылардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;
- Білім алушылардың оқуға ынталандырады

## 7. ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ:

- белсенді оқудың қызықты тәсілдерін ұсынады;
- Білім алушылардың  пәнге қызығушылығын, ынтасын арттырады;
- зерттеу жүргізу, қарым-қатынас жасау, бірлесіп жұмыс жасау және ортақ жобалар дайындауға  жол ашады;
- Білім алушылардың  ақпарат іздеп, өз жобаларын жасауына мүмкіндік береді
- сыныптан тыс өз бетінше білім алуға мүмкіндік жасайды.

G суреті



# 8. МОДЕЛЬДЕУ

МЫСАЛ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ОНЫ КӨРНЕКІ ТҮРДЕ КӨРСЕТУ:

- Білім алушылардың тақырыпты терең түсінуіне және сараптамалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді
- Студенттерді өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беріп, тапсырманы кезеңдерге бөледі;
- үдеріс туралы ойланып, рефлексия жасауға ынталандырады.

Е
суреті



# ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ



ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІЛІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- Құрамы ауыспалы жұптар
- Бірін-бірі оқыту
- Өзін-өзі реттеу
- Бірін-бірі бағалау

ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІЛІ:

- Студенттердің  бірлесе оқуға ынтасын қалыптастырады және дамытады
- Әрбір  студентті  құрамы ауыспалы жұптарда белсенді жұмысқа тартады
- Студент  үшін психологиялық жағымды орта қалыптастырады
- әңгімелесу, талқылау, бірін-бірі түзету, бірін-бірі бағалау арқылы оқушылардың бір-біріне оң ықпал етуіне жағдай жасайды.
- әрбір студентті, бүкіл топты өз бетінше білім алушыға айналдырады

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚУ ОРТАСЫ



Оқу ортасы студенттерді  оқу үдерісінің басты нысаны ретінде санап, студент ретінде өзіндік ізденісжасап, белсенділік танытуына жағдай жасайды.

Студентке  бағытталған оқу ортасы студенттердің  өзін-өзі реттеуге, оқуға деген ынта-жігерін, эмоциясын басқаруға ынталандырады

Оқудың танымдық және эмоциялық аспектілері бір-бірімен үздіксіз байланысты

Қолайлы оқу ортасын құруда мұғалімдер
 Студенттердің эмоциялық зиятын дамытып, пәнге қызығушылығын, ішкі ынтасын көтеруге мән береді

# ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖЕТІ ҚАҒИДАТЫ

Оқытуды студенке бағыттаңыз, олардың өзін студент ретінде сезініп, оқуға деген құлшынысын арттыруға жағдай жасаңыз.

Оқудың әлеуметтік сипатын түсініп, студенттердің бірлесіп білім алуын қамтамасыз етіңіз.

Студенттердің ішкі ынтасы мен эмоциясына мән беріп, дамытыңыз.

Әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, барлығын бір өлшемге салудан алыс болыңыз.

Студентті жалықтырмай, барлығын оқу үдерісіне білкелкі тартыңыз.

Оқу мақсаттарына сәйкес бағалауды қолданыңыз, кері байланысты тиімді пайдаланыңыз.

Білім салаларының өзара байланысын жүзеге асырыңыз, оқу орталарының қоғамдық ортамен тығыз байланысын орнатыңыз.

*Adapted from: “The Nature of Learning: Using Research to Inspire Practice,” OECD, 2012*

# БЕЛСЕНДІ ОҚУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ



**Белсенді оқу стратегиялары:**

- ❖ Белсенді оқу процесіне қатысу;
- ❖ Белсенді оқудың не екенін түсіну;
- ❖ Өзінің педагогикалық қызметіне белсенді оқу қағидаттарын енгізу;
- ❖ Оқытудың жай ғана жаттығуларды орындауға емес, оқу мақсатына жетуге бағытталуы қажеттігін түсіну.

## БЕЛСЕНДІ ОҚУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Белсенді оқу – бұл білімді іс-әрекет арқылы игеру.

**«Маған айтсаң – мен ұмытуым мүмкін.**

**Маған көрсетсең – мен есіме сақтаймын.**

**Менің өзіме жасауға мүмкіндік берсең – мен түсінемін»**

# БЕЛСЕНДІ ОҚУ




«Дейл тәжірибесі конусы» («Dale’s cone of experience»)

# ОҚУ ПИРАМИДАСЫ (LEARNING PYRAMID)



**БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТ** **БЕЛСЕНДІ МҰҒАЛІМ**






Белсенді студент пен белсенді мұғалім қандай болады?

Белсенді студент пен белсенді мұғалімге тән негізгі қасиеттер мен сипаттамаларды көрсетіңіз.

## БЕЛСЕНДІ МҰҒАЛІМ: БЕЛСЕНДІ ОҚУ ҚАҒИДАТТАРЫ



АЛҒА ІЛГЕРІЛЕУДІ ЖАНДАНДЫРУ:

- ✓ Оқу мақсаттарын қайталау;
- ✓ Әртүрлі жаттығуларды, әртүрлі оқу әрекеттерін ұсыну;
- ✓ Дағдыларды шынықтыру;
- ✓ Бұған дейінгі білімді пайдалану.

ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ:

- ✓ Білімге құштарлықты ояту;
- ✓ Сұрақ қою;
- ✓ Эксперимент жасау;
- ✓ Ұсыныс жасау;
- ✓ Ойлап шығару;
- ✓ Оқу стильдерін ескеру.

## БЕЛСЕНДІ МҰҒАЛІМ: БЕЛСЕНДІ ОҚУ ҚАҒИДАТТАРЫ

РЕСУРСТАРҒА КЕЛЕСІ СИПАТТАР ТӘН ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ:

- ❑ Ұйымдастырылған;
- ❑ Қолжетімді;
- ❑ Бірлесіп қолдануға қолайлы;
- ❑ Бәріне таныс;
- ❑ Тиянақты құрастырылған;
- ❑ Жүйелі түрде қолданылады;
- ❑ Уақыт өте келе күрделенеді;
- ❑ Сапасы жақсы.



ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР:

- Объективтілік, ғылымилық;
- Теорияның практикамен байланысы;
- Біріздділік, жүйелілік;
- Күрделілік деңгейі бола тұра, қолжетімді болуы;
- Көрнекілік қағидаты, әдістердің әртүрлілігі;
- Білім алушылардың оқу белсенділігі;
- Шығармашылық тәжірибесімен ұштастыра отырып, білімді, білік пен дағдыны терең меңгеруді арттыру.




Practice